

Сапақкөл орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 1-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылы 2-сыныпта 17 оқушы болды. Оның 8-ы қыз, 9-і ұл.

Көп балалы отбасы: Сәмен Айжан, Атшібай Анел, Серікбай Қуанышбек, Сисенбай Мухаммед, Табыл Ерхан

Аз қамтылған отбасы: Ақансері Нұрислам

Оқу жылының қорытындысы бойынша 2-сынып оқушыларын Шет тілі пәндері жүргізілмейді. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып, сабаққа келмеу немесе кешігіп келу себептері түсіндіріліп, ата-аналармен, сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылды. Оқулықпен толық қамтамасыз етіліп, қажетті құжаттар жинақталынды.

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші:

Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды. Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті. Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Тәрбие сағаттары жоспар бойынша ұйымдастырылып. Әр түрлі жаңа форматта өткізілді. Мереке күндеріне мереке шаралары өткізіліп, оқушылар іс-шараларға белсене қатысты.

Қазақстанда 1 қыркүйекте барлық білім ордаларында жаңа оқу жылы басталды. ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қазақстандықтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Қымбатты балалар, оқу жылы сіздерді жаңа жетістіктерге жетелеп шабыттандыратын қызықты, танымды әрі тағылымды болсын деп тілеймін! Дәл осы күні ұстаздардың өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі орасан еңбегін де атап өткім келеді. Әр бір сыныпта тәрбие сағаттары жүргізілді.

«Денсаулық зор байлық», «Табиғат аясы-адамның алтын белгісі» атты тәрбие сағаттары өткізілді



«Әлемді аялаған сөз» атты сынып сағаты өткізілді. Сонымен қатар «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» атты бастауыш сынып оқушыларына ардагер ұстаздармен кездесу өткізілді. Кездесуге мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысты. Апайлар мектептегі қызықты сәттерінен сыр шертіп, оның ең алғашқы өлеңдерін сынып сағатында талқылағанын, кейіннен бастауыш пәнінің мұғалімі, ұлағатты ұстазы болғанын өз тәрбиесіне алып, бағыт бағдар бергенін қызықты етіп әңгімелеп берді.



«Адалдық адамдықтың белгісі» атты 2-сынып оқушыларына тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды адал болуға тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттің мағынасын түсіндіру.



Жаңа жыл мерекесі сыныбымыздағы көп балалы отбасында тәрбиеленіп отырған оқушы Табыл Ерхан әкім шыршасында. Жылына бір рет келетін «Жасыл шырша жанында» мерекесін балаларымыз асыға күтеді. Төрімізден орын алатын Жаңа жыл барша адамдар үшін ортақ мереке, әсіресе, оның балалар өмірінде алар орны айрықша. Жаңа жылдық шараға ауыл әкімі Бисебаев Дәурен және мектеп басшылары қатысып, мерекелік кештің құрметті қонақтары болды. Мерекелік шарада ауыл әкімі Бисебаев Дәурен сөз сөйлеп, балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.



«Ата-ананың мектептегі» бір күні атты ашық есік күні ұйымдастырылды. Ата-аналар балаларының сабақтарына қатысты.



Сонымен қатар мереке күндері сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттары өткізілді. 8-наурыз мерекесіне арнап «Аяулы менің анашым» атты тәрбие сағаты өткізіліп, онда оқушылар аналарына арнап өлең жолдарын айтып, әндер шырқап, аналарына дайындаған сыйлықтарын ұсынды. «Қош келдің, өз Наурыз!» тақырыбында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Асық ату, қол күрес ұлттық ойындары ұйымдастырылды.





«Жолы болсын әркімнің,орында жол тәртібін?» жұмыстары бойынша «Жолда жүру ережесін жадында сақта!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге, жол ережесінің белгілерімен таныстыру, оқушыларды көшеде, дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу .



«Туберкулездің алдын алу» Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын дарыта отырып ,зиянды әдеттен аулақ болуды түсіндіру, насихаттау жаман әдеттерден аулақ болуға шақыру.



«Құстарға ұя сыйлаймыз» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға құстың табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі, жануарлар дүниесін қорғау туралы түсінік берілді. Құстарға арнап оқушылар ұя жасап, қамқорлық танытты.



"Балалықтың бал күні" тақырыбында көңілді үзіліс сағатын ұйымдастырды. Мақсат - оқушылардың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіру, балалардың пәк күлкісінің лайланбауына, жақсы қасиеттерге тәрбиелеу. Көңілді үзіліс барысында оқушылар топқа бөлініп шаттық шеңберін жасап, шаңырақ бейнесін құрды. Бақытты балалық тақырыбында төрт шумақ өлең құрастырып, топпен оқыды. Көңілді үзіліс соңында естелік суретке түсті.



7-мамыр-Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр –Ұлы Жеңіс мерекесінің жоспарына сәйкес Сапақкөл орта мектебінде 5-мамыр күні «Менің елімнің патриотымын» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өткізілді.



24-мамырда «Менің Отаным Қазақстан» атты соңғы тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырдым.





Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен. Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті. Әр тоқсанда ата – аналар жиналысы өткізіліп, ата –аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізілді. Жиналыста тоқсанның үлгерім қорытындысы, каникул кезіндегі балалардың қауіпсіздігі туралы айтылды. Ата-аналардан демалыс күндерінде балалардың өмір қауіпсіздігі, тәртібі ата-аналардың жауапкершілігінде болатыны жөнінде қолхаттар алынды.

